

22.07.2024 ж № Y00032

Музыка әлеміне саяхат

КАРИМ АЯГУЛ КАНЫБЕККЫЗЫ

Атырау облысы Атырау қаласы

«№37 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы»КМҚК

Мектепке дейінгі және арнаулы орта мектептерде саз пәннің жетекшісі

Білім беру саласы: Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Музыка.

Мақсаты:

Мақсаты: Музыка арқылы бала бойындағы дүниетанымдық, адамгершілік қасиеттерді дамыту. Өмірге деген сүйіспеншіліктерін жаңа деңгейге көтеру.

Міндеттері:

- Музыкалық дыбыстар туралы білімін қайталау және бекіту;
- Бала бойында таныс әуедерді жаңа бағытта сипаттай білу және айыру ;
- Музыкаға деген қызығушылығын арттыру;

Оқу қызметінің көрнекілігі: нота, аспаптар, ұнтаспа, шулы аспаптар, баян, фортепиано.

Оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар музыка залына әуен ырғағымен кіреді.

Жетекші: Сәлеметсіңдер ме, балалар,! Көңіл күйлеріңіз қалай?(музыкалық сәлемдесу)

Балалар.Сәлеметсіз бе Ақпейіл Апай. .Тамаша!!!

(Балалар орындарына отырады)

Жетекші:

Балалар, менің қолымдағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
(кемпірқосақ)

Кемпірқосақта неше түс бар.

Балалар, ал сендердің киімдеріңде қандай бейне тұр? (нота)

«Шыр айналып әлемді

Сикырлайды бар елді.....»

1)Ноталар қалашығы

Иа балалар, біздің музыка әлемінде неше нота бар? (7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді)

1-нота қызыл түс

2-нота қызғылт сары түс

3-нота сары түс

4-нота жасыл түс

5-көгілдір түс

6- көк түс

7- күлгін түс (ойын)

Қараңыздаршы бұл не? (Музыкалық нота станына көрсетеді)

Ноталар тұратын сиқырлы үй кімнің есінде?

Нота санында неше сызық бар екен? (5)

Барлық ноталардың патшасының аты кім? (Скрипичный ключ)

Музыка әлемінде неше нота бар. 7.

Жетекші: Қане ондай болса ноталар орнымыздан тұрып аттарымызды айтайықшы. Кейін ноталарды әндетіп айтамыз.

Ендеше барлық ноталарды әндетейік.

(балалар гамманы әндетеді)

Балалар ал енді ноталар қалашығында біздер онымен қатар музыкалық дыбыстар түрлерімен танысамыз. Ендеше балалар гамманы айтып шығайық.(Музыка жетекшісі пианинода гамманы балалармен айтады)

Тағы саяхатқа аттанамызба?

Жетекші: Ендеше балалар!

«Шыр айналып әлемді

Сиқырлайды бар елді.....»

би ырғағына сай музыканың дыбысы естіледі (дыбыс естиміз)

Жетекші: Балалар тыңдаңдаршы бір музыка естілетін сияқты.

Бұл қандай музыка екен?

Жетекші: Балалар бұл қандай музыкаға жатады би ырғыма әуен ырғағыма? (Би ырғағы)

Дұрыс айтасыңдар би ырғағы. Балалар біз **2)би әлеміне саяхаттап келдік.**

Музыкалық-ырғақтық қимыл: «Летко-енко»

Балалар Тағыда бір әуен естілетін сияқты. Бұл қандай ән? (Абай Құнанбаев «Желсіз түнде жарық-ай»). Абай Құнанбаев туралы сұрақ-жауап алу.

Ән тыңдау: «Желсіз түнде жарық-ай» Абай Құнанбаев (баян аспабында орындау)

Жетекші: Балалар ән не туралы айтыңдаршы сұрақ-жауап.

Жетекші: Балалар сендерге ұнадыма?

Жетекші: Әрі қарай сахаттайық балалар?

Бір дыбысы естіледі.

Жетекші: Қандай ғажап балалар біз қайда келдік?

Жетекші: Балалар тыңдайықшы бұл әуенді музыка ма? (Жоқ)

Не естіп отырсыңдар балалар? (Барабан).

Біз **3) ритмикалық дыбыстар қаласын келдік.** Ол музыка яғни әуенге жатама балалар? Жоқ дұрыс айтасыңдар ол ритмикалық дыбысқа жатады. Ритмикалық дыбыстардың қандай түрлері бар кім айтады (шулы дыбыстар және музыкалық дыбыстар) Дұрыс айтасыздар.

Қандай музыкалық дыбыстар болады? кім жауап береді? (Қатты-жәй, Жоғары-төмен)

Енді сендердің музыкалық қабілеттеріңді тексеріп көрейікші?

Оркестр-«Шулы оркестр ертегісі»

Жетекші: әрі қарай саяхатымызға аттанайық?

ән дыбысы естіледі «Аспаптар-оркестр»

М.Ж: Тағы да музыка естіледі. Бұл әуен сендерге таныс сияқты ғой? (Таныс)

Бұл не екен? (Ән)

М.Ж. Дұрыс айтасыңдар балалар біз **4) ән әлеміндеміз.** Біздер түрлі әндер білеміз бірақ ән айтар алдында біздер дауыс жаттығуын жасаймыз, дауыс жаттығуы бізге не үшін керек?

Дауыс жаттығуы

Ән«Аспаптар-оркестр»

Жетекші: Жарайсыңдар балалар сендер би билейді екенсіңдер әнді де жақсы айтады екенсіңдер

Сиқырлы музыка әлемі өте үлкен және біз ол әлемде әлі де көп саяхаттаймыз.

Оқу қызметінің қорытындысы:

Жарайсыңдар балалар маған сендердің билерің әндерің ұнады.

- Музыкада неше нота бар?- Ритмикалық дыбыстар қандай?
- Абай Құнанбаев кім?-Қандай ән тыңдадық?-Қандай ән айттық?
- Сендерге сабақ ұнады ма? Музыка әлемі қызықты болды ма?
- Ия.
- Осындай жақсы көңіл- күймен сабағымызды аяқтаймыз.

Сау болыңдар!

(Марш екпінімен залды айналып шығып кетеді)

27.07.2024 ж № Y00039

Математика еліне саяхат

БАҚЫТБЕК МӨЛДІР БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласы

“Қунишуақ” жекеменшік бөбекжай

балабақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімдер: ҚМҰҚ

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың математикалық білім қабілеттерін тексеру, алған білімдерін пысықтау.

Дамытушылық: Ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ойын арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік: ұжымшылдыққа, белсенділікке және тұлға етіп қалыптастыруға тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдер: сұрақ - жауап, көркем сөз, т.б.

Көрнекілігі: презентация, тапсырмалар, логикалық сұрақтар.

Оқыту әдісі: көрсету, түсіндіру, қайталату.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Ынталандыру-оятушы	Амандасу. "Телефон" ойыны. -Балалар, оқу қызметімізді бастамас бұрын сендерге "Телефон" ойының ұсынамын. -Ең алдымен өзімді таныстырып кетейін. -Мен Айгерім Раисқызы. -Телефон тұтқасын келесі балаға ұсынамын. -Сенің атын кім? -Жасын нешеде? -Тамаша! Жарайсың! -Балалар, мен сендерді математика еліне қонаққа шақырамын!	-Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.
	-Балалар, математика еліне жету үшін бізге қандай көлік қажет екен?	-Автобус.

<p>Ұйымдастырушы-іздеуші.</p>	<p>-Дұрыс. -Автобусқа билет алу үшін бізге мынандай тапсырманы орындау қажет. 1-тапсырма: "Адасқан сандар" Шарты: Адасқан сандарды тауып ретік санау. -Жарайсындар! -Сапарымызды бастайық! Алдымыздан шыққан жол белгілерін айта отырайық. -Егерде біз тура жүру жол белгісін көрсек аяғымызды жерге топылдатайық. -Егер біз оң жаққа бұрылу жол белгісін көрсек оң жақ қолымызды көтерейік. -Егер біз сол жаққа бұрылу жол белгісін көрсек онда біз сол жақ қолымызды көтерейік. -Егер біз СТОП белгісін көрсек онда қолымызды шапалақтатайық. -Тамаша! Балалар қарандаршы математика елі қандай тамаша. -Сендерге ұнайдыма? -Балалар ағашта неше сауысқан отыр екен? -Тотықұстар нешеу? -Балалар, математика елінің білімді үкісі бізге бірнеше жұмбақтар жасырыпты? Жұмбақтар: Екі дөңгелегі, екі басқышы бар, Бір орындық, екі мүйізі бар. Ол не? Үш көзінде жалын - от, Ал бірақ та жаны жоқ. Кезекпенен ашылар, Кезекпенен жабылар. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар?</p>	<p>Балалар реттік санайды. -1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 -Балалар тапсырманы мұқият орындауға тырысады. -Балалар жауабы. -2 сауысқан. -3 тотықұс. - Велосипед -Бағдаршам Күз. 3 ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша. Балалар заттарды пішіндерге сәйкестендіреді. Балалар шаршы пішінің тауып, нешінші тұрғаның анықтаулары керек. -Жоғарыда бал, төменде ара орналасқан.</p>
--------------------------------------	---	---






	<p>2 - тапсырма Қандай затқа ұқсас. Заттардың пішінің геометриялық пішіндермен сәйкестендіру. Балалар кһріп тұрған пішінге қандай заттар ұқсайды?</p> <p>3- тапсырма Шаршы пішінің өзге пішіндердің арасынан табу.</p> <p>4- тапсырма "Кеңістікті бағдарлау" -Қонжықтың жоғары, төмен жағында не орналасқан? -Гүлдің оң, сол жағында не орналасқан?</p>	<p>-Гүлдің оң жағында көбелек, сол жағында ара орналасқан.</p>
<p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>Балалар, бүгін біз қайда бардық? Не білдік? Балаларды мақтап, мадақтау!</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарға толық жауап береді.</p>

Күгілетін нәтиже:

Нені білу керек: Балалар пішіндерді ажырата білу керек.

Нені игереді: Жұмбақтарға сұрақтарға толық сөйлеммен, нақты жауап беруді меңгерді.

Нені білді: тапсырмаларды түсініп, оны өз бетінше орындауды біледі.

<p>Өткенді пысықтау 5 минут Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>ұстап, Жеңіл ғана тыныс алып, Дүниетану сабағын бастаймыз. Өткенді пысықтау Отбасылары туралы суреттерін көрсетіп, әңгімелейді Тақырыпты ашу ФС тапсырмасы. Мұғалім әңгіме ұйымдастырады. –Балалар, мереке дегеніміз не? –Мерекенің жай күннен қандай айырмашылығы бар? –Мерекені жақсы көресіңдер ме? Онда мерекелер туралы жақсы білетіндіктеріңді тексерейік. Мұғалім тақтаға бірнеше суретті іледі. Жаңа тақырып «Әжемнің туған күні» мультфильмін көру (Союзмультфильм). –Мультфильм неден басталады? Әдетте, мерекенің алдында дайындық жасалады. –Әжесі мен оның немересі не дайындады?</p>	<p>Үй тапсырмасын көрсетеді Ойларым ен бөлісіп, әңгімелеседі. Сұрақтарға жауап бере отырып, таныстырылым жасайды Тапсырманы орындайды</p>	<p> Дескриптор Өз отбасы үшін мерекелік құттықтау хаттың суретін салды. Ол қай мерекеге салынғанын әңгімелейді. Дескриптор 1.Сыныпқа (таныстырылым) отбасылық мереке туралы айтып берді. 2.Сыныпқа туған күн отбасылық мерекесі туралы айтып берді. 3.Сыныпқа үйлену тойы отбасылық мерекесі туралы айтып берді.  Жарайсың!</p>	<p> оқулық оқулық Суреттер   Қимылдар</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>			<p>Жарайсыңдар!</p>	

<p>Сабақты қорыту 6 минут</p>	<p>–Әжесіне сыйлық таңдау баласы үшін қиын болды ма? Неге? Әжесі немересінен жақсы сыйлық алды ма? Басқа қонақтардан ше? –Міне, мереке де келіп жетті. Ол қалай өтті? –Билер жоспарланып па еді? Тағы қалай көңіл көтеруге болушы еді? –Бөлме қалай безендірілген? Мерекені тағы қалай безендіруге болушы еді? Қалай ойлайсындар, бұл мереке бәріне ұнады ма?</p>	<p>Сергіту жаттығуы н тақпақ мәтініне байланысты қимылдар жасайды.</p>	 <p>Жақсы жұмыс жасадыңдар!</p>	<p>Суреттер</p> 
<p>Қосымша тапсырма 2 минут</p>	<p>–Билер жоспарланып па еді? Тағы қалай көңіл көтеруге болушы еді? –Бөлме қалай безендірілген? Мерекені тағы қалай безендіруге болушы еді? Қалай ойлайсындар, бұл мереке бәріне ұнады ма?</p>	<p>Берілген суреттерді реттейді</p>	<p>Дескриптор. Қазақтың ұлттық мерекелері туралы таныстырылым жасады Отбасылық мерекелер туралы біледі</p>	<p>Түрлі түсті қағаздар</p>
<p>Кері байланыс 5 минут</p>	<p>Қалай безендіруге болушы еді? Қалай ойлайсындар, бұл мереке бәріне ұнады ма? Сергіту сәті Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық, Белімізді жазайық. Жоғары-төмен қарайық, Қолымызды созайық, Бойымызға күш жинап, Бір шынығып</p>	<p>Таныстырылым жасайды</p> <p>Түрлі түсті қағаздардан құттықтау хат жасайды Кері байланыс жасайды</p>	<p>Жарайсың</p> <p>Ұстазына білім гүлін сыйлайды</p>	<p>Қайшы</p> <p>Желім</p> <p>Кері байланыс парақтары</p>

	<p>алайық ЕБҚ және ЕҚБ Бірлескен жұмыс Отбасыда тойанатын мерекелердің суреттерін бір бөлек жинаңдар Қазақтың ұлттық мерекелері туралы таныстырылым жаса</p> <ol style="list-style-type: none">1. Бесік той2. Сүндет той3. Тұсау кесу4. Үйлену тойы <p>ҚЖ: Туған күнге құттықтау хат дайында.</p>			
--	--	--	--	--





25.07.2024 ж № Y00038

«Атымтай Жомарт» әңгімесі


ЕРКЕБАЕВ АБЗАЛ АСИЛБЕКОВИЧ
 Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
 Қаржан жалпы білім беретін мектебінің
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім:	2-бөлім. Тәрбиенің қайнар бұлағы.
Педагогтің аты-жөні:	Еркебаев Абзал Асилбекович
Күні:	
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	«Атымтай Жомарт» әңгімесі. Жомарттық пен сараңдық
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.2.1.1-әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама- қарсы суреттеулерді табу.
Сабақтың мақсаты:	-әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама- қарсы суреттеулерді табады.
Ойлау дағдысының деңгейі	Жинақтау, бағалау



Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 3 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сынып реттілігін қадағалау. 2. Топта жұмыс жасау ережені еске түсіру. 3. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңбері жүзеге асырылады.	Шеңбер бойынмен тұрған оқушыларға тапсырма: Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтай	Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тындау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы	 

	<p>4. Оқушылар «Хан қызы» әдісі арқылы топтасады.</p>	<p>мыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет. Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз! 3. Оқушылар «Хан қызы» әдісі арқылы топтасады.</p>	<p>арқылы сабаққа белсенділігі артады. Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.</p>	
<p>Жаңа сабаққа кіріспе</p> 	<p>«Миға шабуыл» әдісі. 1. "Мен қандаймын?" әдісі (оқушылар өздерінің бойларындағы жағымды, жағымсыз бір - бір қасиетін айтып шығады. мысалы: мырзамын, сараңмын, қызғаншақпын, ақылдымын т.с.с) 2. Үй тапсырмасын сұрау. "Ашық микрофон" Салыстыра суреттеу дегенді қалай түсінесіңдер? Қарама-қарсы суреттеулер қандай суреттеулер? Ы.Алтынсариннің "Атымтай</p>	<p>Арнайы плакатқа өзінің 1 жағымды, 1 жағымсыз қасиетін жазады</p> <p>Сұрақтарға ауызша</p>	<p>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайс</u></p>

	<p>жомарт " әңгімесінде осындай суреттеулер бар ма? Қай тұсынан аңғардыңдар? Дәлелді пікір айт! Жомарттық пен сараңдықтың айырмашылығы қандай? Салыстыра суреттеу дегеніміз- ұқсату арқылы адамның ішкі және сыртқы әрекеттерін байланыстыруға мүмкіндік беретіндіктен, заттар мен құбылыстарды салыстыра суреттеу. Қарама-қарсы суреттеу дегеніміз - антонимдес суреттеулер. Оқушылар ойын білгеннен кейін, теориялық түсінік беріп, сабақ мақсатымен таныстыру.</p>	жауап береді	<p>анықтауға мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.</p>	<p><u>ың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.</p>
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.</p>	<p>1-тапсырма «Автормен сұхбат» әдісі. Қазіргі күні жомарт адамдар мен сараң адамдар бар ма? Қазіргі қоғамда Атымтай Жомарт кездесе ме? Қазіргі заманның Атымтай Жомарты қандай деп ойлайсыз?</p>	<p>Жеке жұмыс. -Экранда көрсетілген автордың сұрағына жауап береді</p>	<p>Дескриптор: Жалпы - 1 балл. -автордың сұрағына жауап береді і</p>	<p>https://youtu.be/HhzVeyJflvc</p>
<p>Жұптық жұмыс </p>	<p>2-тапсырма.»Ойлан, зерделе, салыстыр» әдісі.Топтық жұмыс. I топ- «Жомарт» тобы. «Жылқы сұлбасы» әдісі арқылы кейіпкер бейнесін ашады. II топ- «Мырза» тобы. Жомарттық және сараңдық сөзінің мағынасын анықтап,</p>	<p>Берілген сөздің мағынасын түсіндіре отырып, осы сөз кездесетін мақал-мәтелді дәптерлеріңе жазыңдар.</p>	<p>Дескриптор: 1 «Жомарттық» сөзінің мағынасын ашады.«Сараңдық» сөзінің мағынасын ашады. 3. Мақал-мәтелді тауып жазады. 4. Кестені толтырады.</p>	<p>Оқулық Жұмыс дәптерлері.</p>

	<p>осы сөздер қатысқан мақал-мәтел тауып, кестені толтырыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="264 378 678 685"> <tr> <td>Сөз</td> <td>Мағ ынас ы</td> <td>Мақа л- мәтел</td> </tr> <tr> <td>Жомарттық</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сараңдық</td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>II топ- «Қайрымды» тобы. Нақыл сөздерді оқып, мазмұнын айтады.</p> <p>Жомарт ер білім жолын жете білер, Мал беріп, атақ алып өте білер. Жарылқап кемкетікті білімменен, Жақсы атпен дүниеден өте білер. (А.Йүгінеки) Жазылмас сараң – ауру емдегенде, Қарысар қолы тастай «бер» дегенде, Көзінің сұғы тоймай тіміскілеп, Болады малдың құлы ерлегенде. (А.Йүгінеки) Ашкөз адам өлгенде тояды: Дүниеқор жияр байлық, малжайды, Қартайса да сол әдеті қалмайды. Қояды тек ашкөздігін сол кезде – Қашан оны қара жері жалмайды. (А.Йүгінеки) Сараңның өзі тойса да, көзі тоймайды. (Мақал-мәтел)</p> <p>3- тапсырма «Постер» әдісі</p> <p>Әдеби шығармадағы Атымтай Жомарттың айтқан пікірлерін оқи отырып, өзіндік жеке</p>	Сөз	Мағ ынас ы	Мақа л- мәтел	Жомарттық			Сараңдық				<p>Дескриптор: Әдеби шығармадағы Атымтай Жомарттың екі пікірін салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді, жомарттық пен сараңдықты мәтіннен табады.</p>	
Сөз	Мағ ынас ы	Мақа л- мәтел											
Жомарттық													
Сараңдық													
	<p>Әдеби шығармадағы Атымтай Жомарттың айтқан пікірлерін оқи отырып, өзіндік жеке</p>												

	<p>пікірлеріңді дәлел келтіре отырып, тұжырым жасаңдар. Жұмыстың нәтижесін постер қорғайды.</p> <p>I топ- «Жомарт» тобы .</p> <p>-Неліктен Атымтай Жомарт дәулетті бола тұра, шөп тасып, еңбек қылды? Себебін түсіндіріңіз.</p> <p>II топ- «Мырза» тобы.</p> <p>-Жомарттыққа қарама-қарсы қасиетті қай кейіпкердің сөзінен байқадыңдар? Дәлел келтіріңіз.</p> <p>III топ- «Қайырымды» тобы.</p> <p>- Атымтай Жомарттың пікірінен қарама-қарсы суреттеулерді табыңыз, анализ жасаңыз.</p>			
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Ой толғаныс.</p> <p>Рефлексия</p> <p>7 мин.</p> 	<p>«Белгі» әдісі.</p> <p>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын жаздырады, рефлексиясын тыңдайды.</p> <p>Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.</p> <p>Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.</p>	<p>Жеке жұмыс:</p> <p>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп жазады. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>	

	<p>Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	<p>келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p>		
--	---	---	--	--

МАЗМҰНЫ

- КАРИМ АЯГҮЛ КАНЫБЕККЫЗЫ
- БАҚЫТБЕК МӨЛДІР БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ
- ДАМОЛДИНА ЖАНАТ КУАНЫШОВНА
- ЕРКЕБАЕВ АБЗАЛ АСИЛБЕКОВИЧ